

Бекітемін
«Күншуақ» бобекжан бақтасы»
МҚКК менгерушісі
Ж.А.Курманова



Педагогикалық кеңестер
Педагогические советы

Міндеті: Педагог қызметкерлердің ғылыми-әдістемелік деңгейін үздіксіз
көтеріп отыру.

Задача: Непрерывное повышение научно-методического уровня
педагогических работников.

р/ с	№ 2 Педагогикалық кеңес	Мерзімі	Жауапты
II	<p>№ 2 Педагогикалық кеңес Тақырыбы: «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша педагогикалық үдерісті құру арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік-патриоттық әлеуетін жан-жақты дамыту, азаматтыққа тәрбиелеу үшін жағдай жасау»</p> <p>1. №1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы</p> <p>2.. «Мектепке дейінгі жастағы балаларды азаматтық-патриоттық тәрбиелеу бойынша білім беру қызметін қазіргі заманғы білім берудің бастапқы деңгейімен сабақтастықты жүзеге асыру жағдайында ұйымдастыру. Мектеп жасына дейінгі балаларды патриоттық тәрбиелеу жөніндегі нормативтік-құқықтық база».</p> <p>3. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының құндылықтарына сәйкес пәндік-кеңістікте шығармашылық эстетикалық ортасын қалыптастыру»</p> <p>4. «Дене шынықтыру құралдарымен мектеп жасына дейінгі балаларды азаматтық-патриоттық тәрбиелеу»</p> <p>5. «Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілік-патриоттық тәрбиелеудегі музыканың ролі»</p> <p>6. Ағымдағы мәселелер</p>	Қараша	<p>Менгеруші Курманова Ж.А.</p> <p>Әдіскер: Ж.А Жариева</p> <p>Тәрбиеші: Абдыкова А.Т Баяндама</p> <p>Оразалы Г.Д Презентация</p> <p>Қорғанбаева Р.Ж Презентация</p>





**«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» МКҚК бойынша
педагогикалық кеңестің № 2 хаттамасы**

21.11.2024 ж

Тақырыбы: «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша педагогикалық үрдісті құру арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік- патриоттық әлеуетін жан-жақты дамыту, азаматтыққа тәрбиелеу үшін жағдай жасау»

Мақсаты: «Тәрбие-оқыту үрдісінде заманауи әдістерді қолдану барысында ұжымның заман талабына сай қызмет көрсету дербестігін арттыру»

Жалпы педагог саны-35

Жиналысқа қатысушылар саны-30

Күн тәртібінде:

1. № 1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Мектепке дейінгі жастағы балаларды азаматтық – патриоттық тәрбиелеу бойынша білім беру қызметін қазіргі заманғы білім берудің бастапқы деңгейімен сабақтастықты жүзеге асыру жағдайында ұйымдастыру. Мектеп жасына дейінгі балаларды патриоттық тәрбиелеу жөніндегі нормативтік – құқықтық база»
3. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының құндылықтарына сәйкес пәндік- кеңістікте шығармашылық эстетикалық ортасын қалыптастыру» (баяндама)
4. «Дене шынықтыру құралдарымен мектеп жасына дейінгі балаларды азаматтық- патриоттық тәрбиелеу»
5. «Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілік –патриоттық тәрбиелеудегі музыканың рөлі»
6. Ағымдағы мәселелер.
7. Педагогикалық кеңестің шешімі.

Тыңдалды.

Балабақша меңгерушісі Ж.А Курманова сөз алды. Меңгеруші педагогикалық кеңестің құрамын анықтап, педагогикалық кеңес отырысының жүргізілу регламентін бекітіп, күн тәртібіндегі қаралатын мәселелерге тоқталып, таныстырып өтіп, педагогикалық кеңес отырысын ашық деп жариялады.

Меңгеруші балабақша педагогтарының оқу жылынан бастап педагогикалық және тәрбиеленушілердің аудандық, облыстық көлемдегі жетістіктерімен құттықтап марапаттады. Ақтөбе облыстық кәсіподақ төрағасы Ж.Султанованың Құрмет грамотасымен Имангазина С.А марапатталса, Аудандық білім бөлімінің кәсіподақ төрағасының Ж.Т. Жұмабаеваның Құрмет грамотасымен тәрбиешілер: Примбетова Р.К, Жакеева З.М марапатталды.

Аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен өткен «Үздік ұйымдастырылған іс-әрекет бейнежазбасы» сырттай байқауының қорытындысы бойынша Исакова Р.Ж, Оразалы.Г.Д, Кудабоева Г.К Алғыс хатымен марапатталды. «Үздік ұйымдастырылған іс- әрекетінің бейнежазбасы» бойынша қазақ тілі маманы: Орынбасарова III орынды Дипломмен марапатталды . Ақтөбе облыстық білім бөлімінің басшысы: Ж.Сұлтаннның Алғыс хатымен тәрбиеші: Абдыкова А.Т марапатталды. .

Балабақша меңгерушісі: Ж.А Курманова педагогтер құрамын осындай жетістіктерімен құттықтап алға қойған білім мен тәрбиелеу мақсатында балалардың өмір қауіпсіздігін сақтай отырып түрлі іс-шаралар мен ұйымдастырылған ойын іс- әрекеттерін жоғары деңгейде ұйымдастыра отырып, балабақша тәрбиеленушілерінің білімі күзиреттіліктерін арттыру

мақсатында жаңа заманауи бағытта жұмыстанылып, жоғары дәрежелі жетістіктер мен көрсеткіштерге қол жеткізе білуге тапсырды.

Кезекті педагогикалық кеңес отырысының № 1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы бойынша 2024-2025 оқу жылының жылдық міндеттеме мақсатына жету жолында әр педагог өз іскерліктерімен, шеберліктерімен әдістемелік талапқа сай әрекет етіп және бала өмірінің қауіпсіздігі сақталып, тәрбиелеу мен білім беру мақсатында балабақша педагогтері педагогикалық біріді жұмыстары жүргізілуде.

Педагогикалық кеңес отырысының мәселелерінің бірі «Мектепке дейінгі жастағы балаларды азаматтық – патриоттық тәрбиелеу бойынша білім беру қызметін қазіргі заманғы білім берудің бастапқы деңгейімен сабақтастықты жүзеге асыру жағдайында ұйымдастыру. Мектеп жасына дейінгі балаларды патриоттық тәрбиелеу жөніндегі нормативтік – құқықтық база» бойынша балабақша әдіскері: Ж.А Жариева сөзінде мектепке дейінгі жастағы балалардың адами-патриоттық міндеттері қойылып әрі «Біртұтас тәрбие бағдарламасы болып табылады. Тәрбие ұштағанының идеологемалары; 1. Ұлттық бірегейлік. 2. Қоғамға қызмет. 3. Экологиялық мәдениет

Білім беру ұйымдарындағы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы

Әрекет Құзыреттілік: **Танымдық компонент;** Баланың әл-ауқатын анықтайтын құндылықтардың маңыздылығын білу, түсіну, сезіну тиімді

Әр айдың іс-шаралары, күнделікті

- «**Менің Қазақстаным**» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды

- «**Апта дәйексөздері**» – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады.

- «**Қауіпсіздік сабағы**» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы 10 минут ақпарат беру

Мектепке дейінгі ұйымы. Өзі туралы, қоршаған әлем туралы және ондағы орны туралы қарапайым түсініктің болуы

- Шығармашылық қиялға негізделген өнертабысқа қызығушылық таныту

- Сурет салуға, модельдеуге, дизайнға қызығушылық таныту

- Тапсырмаларға шығармашылықпен қарау, өз шешімдері мен идеяларын ұсыну

- Алған білімдерін жаңа нәрсе жасау үшін қолдану

- Жаңа тәсілдемелер мен технологияларды қолдануды талап ететін балалар жобаларына қатысуға дайын болу

Жобалар – бұл білім беру мен қоғамның әртүрлі аспектілерін жақсартуға, білім алушыларды, ата-аналарды, педагогтерді профилактикалық іс-шараларға тарту арқылы жеке құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған білім беру бастамалары; «Қамқор», «Смарт бала», «Еңбегі адал жас өрен», «Шабыт», «Үшқыр ой алаңы», «Балалар кітапханасы» Барлық жобалардың өткізілуі *Біртұтас тәрбие* арқылы әлеуметтік желілерде жарияланады.

Педагогикалық кеңес отырысының мәселелерінің бірі «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының құндылықтарына сәйкес пәндік- кеңістікте шығармашылық эстетикалық ортасын қалыптастыру» бойынша баяндамашы А.Т Абдыкова баяндамасында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы «Озық ойлы ұлт» идеясы балалар мен жастардың бойында білімге құштарлық, шығармашылық және инновациялық ойлау, кәсіби даму, бірлік пен ынтымақ құндылықтарын дамыту арқылы өзгерістерге бейімделіп, инновациялық технологияларды ұтымды қолданатын ұлтты қалыптастыруға бағытталады.

Бағдарламаның мақсаты: қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері: Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

Бағдарламаны іске асыру үшін қолайлы білім беру ортасын құру: білім беру ұйымында қауіпсіз, жайлы физикалық оқу ортасын қамтамасыз ету;

«Біртұтас тәрбие» тәрбие бағдарламасының түйінді құндылықтарын ескеріп, білім беру процесінің барлық қатысушылары үшін этикалық нормаларды белгілеу; барлық білім алушылардың әлеуетін дамытуға ықпал ететін инклюзивті орта құру; педагогтер, білім алушылар мен ата-аналар немесе заңды өкілдер арасында өзара сыйластық және тілектестік қарым-қатынас орнату; ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту арқылы білім алушыларға жайлы жағдай жасау.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының түйінді құндылықтарына сәйкес пәндік-кеңістікте шығармашылық пен жасампаздық ортасын қалыптастыру; білім алушылардың бірлескен шығармашылық әрекетке дайындығын ескере отырып, олардың белсенді қатысуы үшін педагогикалық әдістерді тиімді қолдану; білім алушылардың өз идеяларын, пікірлерін, тұжырымдарын білдіруге мүмкіндік жасау;

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері: Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі: Құзыреттілік: ұлттық мүддені дамыту

Мектепке дейінгі ұйым түлегі:

Отан, ел, туған өлке туралы қарапайым түсініктері;

Қазақстанның мемлекеттік рәміздері туралы білімдері;

мемлекеттік тілді үйренуге ұмтылу;

ұлттық мерекелер, ойындар, дәстүрлер туралы білімдері; туған өлкенің табиғатына

қамқорлықпен қарау бойынша біліктері мен дағдылары қалыптасқан түлек шығару.

Тәрбиеші өзімен бірге ұлттық ойындар «Еңбегі адал жас өрен» тақырыбында тәрбиеленушілер

жұмыстары мен «бірлік және ынтымақ» Апта дәйексөздерін және де «Біртұтас тәрбие»

бағдарламасының құндылықтарына сәйкес пәндік- кеңістікте шығармашылық эстетикалық ортасын қалыптастыру» бойынша бейнежазбасын ұсынды.

Педагогикалық кеңес отырысының мәселесінің бірі «Дене шынықтыру құралдарымен мектеп жасына дейінгі балаларды азаматтық- патриоттық тәрбиелеу»

тақырыбында ойындар легімен дене шынықтыру нұсқаушысы: Оразалы Г.Д өз

тәжірибесіндегі ұлттық – кимылды ойындар жаңашылдығымен таныстыра отырып, «Бәйге»

ұлттық ойыны; Шарты: Ойынды жылдам әрекет жасау арқылы, күштерін анықтау, «Шыр»

ойыны. Шарты: шыр ойынын балаларға үйрету; ой - өрісін, икемдігін, шапшаңдығын, ұлттық

ойынға дегшен қызығушылығын дамыту; ұлттық ойында ұйымшылдыққа, бірлікке

тәрбиелеу. «Садақ ату» ойыны. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу; «Асық» ойыны. Шартында

берілген тапсырмаларды зейін қойып орындауға үйрету. Ойын арқылы балалардың қимыл-іс

әрекетін дамыту. Балаларды ептілікке, мейірімділікке тәрбиелеу мақсатында ұлттық кимылды

ойындарын ұсынды.

Педагогикалық кеңес отырысының мәселесінің бірі «Мектеп жасына дейінгі балаларды

адамгершілік – патриоттық тәрбиелеудегі музыканың рөлі» тақырыбында музыка жетекшісі:

Қорғанбаева Р.Ж музыка баланың сезімдеріне тікелей әсер ете отырып, оның патриоттық,

адамгершілік сезімдерін қалыптастырады. Оның ықпалы үгіттеуден де, нұсқаулардан да

анағұрлым күшті болады. Отан, Қазақстан, батырлық туралы айтқан балалардың әндерінен өз

елдеріне деген сүйіспеншіліктерін көруге болды.

Баланың музыкалық ерекшеліктерді айыра біледі және оларды есіне ала отырып, музыканы

тыңдағанда, ән мен би кимылдарын орындағанда белгілі бір образға сай қимыл жасайды. Ән

арқылы бала өзінің қоршаған ортаның жан-жақты сезініп, оның рухани байлығын

түсінеді. Сонымен қатар музыкалық ырғақтық ойындар легімен таныстырды.

Педагогикадағы музыкалық өнер балаға, әсіресе мектеп жасына дейінгі балаларға тәрбиелік

ықпал етудің маңызды және тиімді құралы болып табылады. Кішкентай балаларды музыканың

әсем әлемімен таныстыру.

“Стакандармен ырғақты соқ” Мақсаты: Күй арқылы ырғақты сезініп ойнау – балалардың

музыкалық ырғақтық сезімін дамытуға арналған тиімді тәсілдердің бірі. Күйді тыңдау кезінде

балалар ырғақты қозғалыстар жасай алады немесе аспаптармен сүйемелдей алады

“Көңілді шар” Мақсаты: Музыканың көмегімен қол моторикасы арқылы шарды әр түрлі

қалыпта көрсету.

“Әуенді шелек” Мақсаты: Балалар шелекті қолдарына ұстап, күйдің әуенімен бірге ырғақты

қимылды көрсетеді.

“Оюды бимен қайтала” Сергіту жаттығуы

Мақсаты: Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында күй күмбірімен бірге оюды қазақтың ұлттық би қимылдарымен қайталап көрсету.

Музыкалық білім берудің маңызды міндеттерінің бірі – баланың жан дүниесін музыка арқылы тәрбиелеу, оның адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру үдерісіне әсер ету. Дәл осы мектепке дейінгі жаста адамгершілікке бейімділік қалыптасады: Біздің мақсатымыз - барлық балалардың музыканы жақсы көруі, оның барлығына рухани қажеттілікке айналуы. Мерекелер мен ойын-сауық ортасы балаға эмоцияларын ашық түрде шығаруға, өзі тұратын Отанының сүйіспеншілігін білдіруге көмектесу. Сонымен қатар, музыкалық сабақтарда ұжымдастыру. "Музыка – адам болмысының қажетті рухани қасиеті"

№ 2 Педагогикалық кеңесінің шешімі

1. «Мектепке дейінгі жастағы балаларды азаматтық –патриоттық тәрбиелеу бойынша, білім беру қызметін қазіргі заманғы білім берудің бастапқы деңгейімен сабақтастықты жүзеге асыру әрі ұйымдастыру. Мектеп жасына дейінгі балаларды патриоттық тәрбиелеу жөніндегі нормативтік –құқықтық база» бойынша мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқыту бағдарламасына сәйкес, мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сүйене отырып әдістемелік нұсқау хатының өзгерістерін алға қоя отырып оқу жылындағы міндеттер орындалсын.

Мерзімі- үнемі
Жауапты- педагогтер
Бақылаушы- әдіскер

2. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының құндылықтарына сәйкес пәндік-кеңістікте шығармашылық эстетикалық ортасын қалыптастыру» бойынша тәрбиеші: А.Т Абдыкованың баяндамасы «қанағаттанарлық» деп танылып, топтық пәндік-кеңістікте шығармашылық эстетикалық ортасын қалыптастыру жұмыстары барлық топта қарқынды жүргізіліп отырылсын.

Мерзімі- үнемі
Жауапты- педагогтер
Бақылаушы- әдіскер

3. «Дене шынықтыру құралдарымен мектеп жасына дейінгі балаларды азаматтық-патриоттық тәрбиелеу» дағдылары бойынша дене шынықтыру нұсқаушысы: Г.Д Оразалының ұсынған ұлттық қимылды ойындары барлық топтарда ұйымдастырылған ойын әрекетінде қолданылсын.

Мерзімі- үнемі
Жауапты- педагогтер
Бақылаушы- әдіскер


4. «Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілік-патриоттық тәрбиелеудегі музыканың рөлі» бойынша РҮЖ.Қорғанбаеваның музыкалық ырғақтық, ритмикалық жаттығулары мен патриоттық әуендер орындауда қолданылған жаңа әдістері барлық топта меңгертілсін.

Мерзімі- үнемі
Жауапты- педагогтер
Бақылаушы- әдіскер

«Күншуақ» бөбекжай –бақшасы»

МКҚК меңгерушісі:

Хатшы:



Ж.А.Курманова

А.Т. Абдыкова